

## **Қазақстан Республикасының төлем балансын жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 18 маусым N 510. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.04.26. N 659 қаулысымен. ~P970659

Әлемдік тәжірибені ескере отырып және қолданылып жүрген халықаралық стандарттарға сәйкес төлем балансын жасау ісін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының төлем балансын жасау және оның ақпарат негізін қалыптастыру жөнінде әдістемелік басшылық ету Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Осыған байланысты Комитеттің орталық аппараты қызметкерлерінің саны 5 адамға ұлғайтылсын.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Ұлттық банкісінің және басқа мүдделі министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың келісуі бойынша республиканың төлем балансын жасау үшін қажетті мемлекеттік статистикалық есеп беру нысандарын жасап, бекітсін және оларды министрліктерге, ведомстволарға, меншік нысандарына қарамастан республика аумағында жұмыс істейтін корпорацияларға, концерндерге, басқа да ұйымдарға, мекемелер мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге жеткізетін болсын.

3. Министрліктер, ведомстволар, меншік нысандарына қарамастан корпорациялар, концерндер, басқа да ұйымдар, мекемелер мен шаруашылық жүргізуші субъектілер үстіміздегі жылғы II тоқсанның есебінен бастап республиканың төлем балансын жасау үшін қажетті деректер Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген нысандар, мерзімдер мен тәртіп бойынша мемлекеттік статистика органдарына табыс етілуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, Көлік министрлігі, байланыс министрлігі, Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі, Қорғаныс кешенінің электр-техникалық және мәшине жасау кәсіпорындарының Қазақ

мемлекеттік корпорациясы, "Қазтұрмыскомшар" концерні, басқа да министрліктер, ведомстволар, корпорациялар, концерндер, ұйымдар Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті республиканың төлем балансының көрсеткіштерін жасауға арнап бекіткен мемлекеттік статистикалық есеп беру нысандарына сәйкес бір апта мерзім ішінде бастапқы есепке алу мен ведомстволық статистикалық есеп беруге қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізіп, оларды белгіленген тәртіп бойынша бекітіп, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі мен Кәсіптік одақтары Федерациясының Кеңесіне Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша республиканың төлем балансын жасау үшін ақпараттық базаны қамтамасыз ету жөнінде осындай жұмыс жүргізу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті төлем балансының белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарына, сондай-ақ тиісті халықаралық ұйымдарға уақтылы табыс етілуін қамтамсыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі